



72-ЖЫН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма сөгіз аят.
(Мұхаммед F.C. Меккемен Тайіптің арасындағы "Нахла" деген жерде сахабалармен бірге таң намазын етегендегі; жындар тыңдаған. Ж.М.Р.) Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед F.C.) оларға: "Жындардан бір тобының Құран тыңдағаны маган уаҳи етілді" де. Сонда жындар: "Шынында бір ғажайып Құран тыңдадық" деді. (1) "Құран, бізді тұра жолға салады. Енді соған иман келтірдік. Раббымызға ешбіреуді ортақ қоспаймыз." (2) "Расында Раббымыздың ұлықтығы ете жоғары, Ол, қатын, бала иемденбейді." (3) "Өйткені біздің ахымақтар, Аллаға шатақ сөйлеп жүр екен." (4) "Расында адамдар мен жынды, Аллаға байланысты әсте өтірік айтпайды деп ойлаған едік." (5) "Шынында адамдардан кейбір ерлер; жындардың кейбір ерлеріне сиынатын еді де сонда олар, жындардың мемменсүін арттыратын еді. (Құлазыған иен даланың қорғаушысы жын деп сиынатындар болған. Б.Ж.М.) (6) "Олар да сендердің Алла ешкімді қайта тірілтпейді деп ойлағандарың тәрізді ойлаған еді." (7) "Әрине кекке қарманғанымызда, оны қатал күзетші және атылған жалындарға толтырылған түрде таптық." (8) "Әлбетте тыңдау үшін; аспанның кей орындарында отыратын едік. Енді біреу тыңдамақшы болса, оны көздеген жұлдызыда көреді" (15-С.



- 17-18-А.) (9) "Әрине білмейміз; жер жүзінде гілерге жамандық ойланылуда ма? Немесе оларға, Раббылары жақсылық қалауда ма?"
 (10) "Расында жақсыларымыз да одан төмендеріміз де бар; түрлі жолдарда едік." (11) "Шынында жер жүзінде Алланы еш жеңе алмайтындығымызды, қашып құтыла алмайтындығымызды аңғардық." (12) "Расында осы тұра жолды естіп, Оған сендей. Кім Раббына иман келтірсе, сонда ол, кемшіліктен де зияннан да қорықладайды." (13)



"Бізден Мұсылмандар да туралықтан адасқандар да бар. Сонда кім Мұсылман болса, ал міне солар, туралықты іздейді." (14) "Ал енді адасқандар, тоzaққа отын болады." (15) (Егер жындар мен адамдар,) ол жолда түп-тура жүрсе, әрине оларға мол су нәсіп етеміз; (16) Оларды онда сынау үшін. Кім Раббының зікірінен жалтарса, Раббы оны барған сайын арта түсетін азапқа үшіратады. (17) Шын мәнінде мешіттер, Аллаға тән. Ендеше Алламен бірге ешкімді

шақырмаңдар. (18) Расында Алланың құлы (Мұхаммед F.C.) тұрып, Аллаға гибадат қылған сэтте; олар, оның үстіне үймелеп жабыса жаздады... (19) (Мұхаммед F.C.): "Шын мәнінде мен Раббыма құлшылық қылып, Оған ешбір серік қоспаймын" де. (20) "Расында мен сендерге зиян келтіре алмаймын да игілік те істей алмаймын" де. (21) "Расында ешкім мені, Алланың азабынан сақтай алмайды да мен де Одан өзге пана таба алмаймын." (22) "Бірақ мен, Алладан әрі Оның пайғамбарлық міндеттемелерінен жалғастырамын. Кім Аллаға, Пайғамбарына қарсы келсе, шәксіз оған мәңгі қалатын тозақ оты бар." (23) Ақыр өздеріне үеде етілген азапты көрген сэтте, кімнің көмекшісі нашар, саны аз екенін олар біледі. (24) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Сендерге үеде етілген азап жақын ба? Не Раббым, оны созып қойды ма? Білмеймін" де. (25) Көмestі білуші Алла, оның сырын ешкімге ашпайды. (26) Бірақ үнатқан елшісіне білдіреді. Өйткені Алла, елшісінің алды-артына құзетші қояды; (27) Олардың, Раббыларының міндеттемелерін анық жалғастыргандықтарын білу үшін. Әрі олардың жағдайын толық біледі. Және әр нәрсені санап, түгендел қойған. (28)